

Тест спецификациясы

- 1. Тақырыбы:** «Неміс тілі» блогы бойынша педагог қызметкерлерге арналған тест.
- 2. Құрастырылу мақсаты:** Тест бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлерді аттестаттау барысында Ұлттық біліктілік тестілеуді өткізу мақсатында құрастырылған.
- 3. Міндеті:** Педагог қызметкерлердің біліктілік деңгейінің біліктілік талаптарға сәйкестігін анықтау.
- 4. Тест мазмұны:** Тест үш блоктан тұрады.
 Б1 бөлігі - бір дұрыс жауабы бар (1/5) 50 тапсырма,
 Б2 бөлігі - бір немесе бірнеше дұрыс жауабы бар (б/б) 10 тапсырма,
 Б3 бөлігі - екі мәнмәтінге бір дұрыс жауабы бар 10 тапсырма.
 Тестке негізгі бөлімдердің материалдары енгізілді.
 Тест тапсырмалары 3 күрделілік деңгейінен тұрады.
 Бірінші деңгей (А) - 18 тапсырма.
 Екінші деңгей (В) - 42 тапсырма.
 Үшінші деңгей (С) - 10 тапсырма.

№	Тақырып	№	Тақырыпша	Күрделілік деңгейі	Тапсырма формасы	Тапсырма саны
1	Сөз жасау	1	Сөз жасау.	В	б/б	2
2	Лексика	1	Лексика.	С	б/б	2
3	Морфология	1	Етістіктің негізгі формалары: әлді, әлсіз, ерекше топ. Көмекші етістіктер.	А	1/5	6
		2	Сабакты етістің шақ формалары Präsens, Präteritum, Perfekt, Plusquamperfekt, Futurum. Ырықсыз етістің шақ формалары: Präsens, Präteritum, Perfekt, Plusquamperfekt, Futurum.	А	1/5	6
		3	Етістіктің меңгерілуі: тәуелді табыс септігімен, тәуелді барыс септігімен, әртүрлі септіктердегі екі толықтауышпен. Предлогтар: барыс, табыс септіктерінің предлогтары, барыс және табыс септіктерімен меңгерілетін предлогтар.	В	1/5	6
		4	Партицип I,II: анықтауыш, пысықтауыш есебінде, келісілген анықтауыш есебінде. Инфинитив оралымдары: етістік тіркестері haben/sein+ Infinitiv,um...zu + Infinitiv,ohne...zu + Infinitiv,anstatt..zu + Infinitiv.	В	1/5	6
		5	Модаль етістіктер.	В	1/5	5

		6	Артикль: Белгілілік артиклінің қолданылуы. Белгісіздік артиклінің қолданылуы. Артикльдің қолданылмауы.	В	1/5	5
		7	Род категориясы: мужской род, женский род, средний род зат есімдері. Зат есімнің көпше түрі. Зат есімнің септелуі: әлді, әлсіз, женский род зат есімнің септелуі, зат есімнің ерекше жағдайдағы септелуі, Зат есімнің көпше түрде септелуі.	В	1/5	5
		8	Сын есімнің септелуі: әлді, әлсіз септелуі, Сын есімнің белгісіз артикльден, тәуелдік есімдіктерден және болымсыз есімдік «кеін»-нен кейін септелуі. Сын есімнің шырайлары. Үстеу: құрылуы, үстеу шырайлары, үстеу есімдіктері.	В	1/5	5
		9	Есімдік: жіктік есімдік, тәуелдік есімдік, сілтеу есімдік, болымсыз есімдік, қатыстық есімдік, өздік есімдік. Жақсыз есімдік «ес» және белгісіздік-жіктеу есімдік «тап».	С	1/5	3
		10	Сан есім. Есептік сан есім. Реттік сан есім.	А	6/6	2
		11	Шартты рай.	В	6/6	2
		12	Бұйрық рай.	В	6/6	2
4	Синтаксис	1	Сұрау сөздер Сөйлемнің сөз тәртібі.Бағыныңқы құрмалас сөйлемдер: мезгіл бағыныңқы сөйлем, себеп бағыныңқы сөйлем, мақсат бағыныңқы сөйлем, толықтауыш бағыныңқы сөйлем, анықтауыш бағыныңқы сөйлем. Салалас құрмалас сөйлем.	С	1/5	3
5	Мәнмәтіндік тапсырмалар (мәтін, кесте, графика, статистикалық ақпараттар, суреттер және т.б.).			А, А, В, В, С	1/5	10
Тестінің бір нұсқадағы тапсырмалар саны						70

5. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Морфология - морфологиялық құбылыстардың мағынасын, тұлғалық жағын саралай білу.

Синтаксис- тілдің лингвистикалық білімін пайдалуын тексеру.

Лексика – сөздік қорын тексеру.

Аударма – лексико-грамматикалық біліктілігін тексеру.

6. Тапсырмалар орындалуының орташа уақыты:

Тестінің бір тапсырмасын орындап шығуға белгіленген уақыт - 2 минут.

Тестінің толық орындалу уақыты – 140 минут.

7. Нұсқалар мен тапсырмалар саны:

Тест нұсқаларының баламалылығы:

- тестілердің спецификацияға сай құрылуымен;

- өзара ауыстыруға келетін тапсырмалардың әр түрлі нұсқаларда бір орында келуімен;
- барлық нұсқаларда күрделілік деңгейінің бірдей болып келуімен жүзеге асырылады.

Бір тестіде - 70 тапсырма.

8. Бағалау.

Аттестация кезінде тестілеудің жиынтық балы есептелінеді.

Бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауап таңдалған тапсырма үшін - 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға 0 балл алады.

Бірнеше жауап нұсқасынан барлық дұрыс жауаптар үшін - 2 балл,

- жіберілген бір қате үшін - 1 балл,
- екі және одан көп қате жауап үшін - 0 балл беріледі.

9. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігімен бекітілген «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердің тізбелері».